



Степногорск қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № а-6/317 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 шілдеде № 6711 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласының 2019 жылғы 29 наурыздағы № а-3/136 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды – Ақмола облысы Степногорск қаласының 29.03.2019 № а-3/136 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
қ а у л ы с ы м е н .

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Степногорск қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Степногорск қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.С.Шабаровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Степногорск қаласының
әкімі*

Ә.Күмпекеев

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі Ақмола
облысының Ішкі істер
департаменті Степногорск
қаласының ішкі істер басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы*

С.Ақмаганбетов

19.06.2018

Степногорск қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1-тaraу. Көтермелебудің түрлері

1. Степногорск қаласы әкімінің алғыс хаты.
2. Ақшалай сыйақы.

2-тaraу. Көтермелебудің тәртібі

3. Осы тәртіп Степногорск қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебуді ұйымдастыру мәселелерін реттейді.

4. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебу мәселелерін Степногорск қаласы әкімдігінің қаулысымен құрылған комиссия (бұдан әрі – комиссия) қарайды.

5. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Степногорск қаласының ішкі істер басқармасы" (бұдан әрі - ПБ) мемлекеттік мекемесімен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелебу туралы ұсыныс комиссияның қарауына енгізеледі.

6. Комиссиямен қабылданған хаттамалық шешім көтермелебу үшін негіз болып табылады.

7. Ақшалай сыйақыны төлеуді ПБ облыстық бюджет есебінен жүргізіледі.

8. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін ПБ бастығының комиссия қабылдаған шешіміне сәйкес қосымша бүйріғы шығарылады.

9. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға ақшалай сыйақыны беру, Степногорск қаласы әкімінің алғыс хатын табыстау ПБ салтанатты жиынында жүзеге асырылады.

3-тaraу. Ақшалай сыйақының мөлшері

10. Ақшалай сыйақы мөлшерін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін, сонымен қатар онымен немесе оның қатысуымен құқыққа қарсы әрекет

нәтижесінде келтірілуі мүмкін залалдың алдын алған көлемін есепке ала отырып, ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен білгіленеді және 20 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК